

Карталарды салыстырыңыз. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атаңыз



Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары
ежелгі заманнан ортағасырларға өтудің бір
факторы ретінде

10.3.2.5 -тарихи деректердің негізінде антикалық
дәуірден орта – ғасырларға өту заңдылығын
тұжырымдау

Рим империясы дағдарысының негізгі себептері:

- Құлдық-экономика дамуын тежегіш фактор.
- Елдің талан-таражға салынуы, азаматтық соғыстар нәтижесінде сауданың тоқтауы.
- Варварлық тайпалардың шапқыншылығы.
- Орталық биліктің әлсіреуі.
- Рим армиясының Рим халқының азаматтық мүдделерінен шеттетілуі.
- IV ғ – - халықтардың ұлы қоныс аударуы
- Герман тайпалары : франктер, англ, сакс, остгот, вестгот, вандалдар

Негізгі даталар мен оқиғалар

- б.з. 395 – Рим империясының батыс және шығыс болып бөлінуі.
- б.з. 410 – Римді готтар жаулап алды
- б.з. 455 – вандалдардың Римді талқандауы
- б.з. 476 – Батыс Рим империясының құлауы

Жұптық жұмыс: зерттеу

Ресурсты оқыңыз (2) " Журавлева И. А. ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУ ҚҰРАЛЫ. ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ. 2007»

- Кесте құрыңыз, нәтижелерді кестеге толтырыңыз
- Бағалау критерийлері:
- Антикалық дәуірден орта ғасырға көшу себептері
- Өту кезеңдері
- Әр кезеңнің даму ерекшеліктері

Антикалық дәуірдің және варварлық халықтардың Орта ғасырға әсері

- Рим империясын талқандаған экономикалық және саяси дағдарыс антикалық өркениеттің өміршеңдігін бұзды.
- Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуіріндегі варварлардың басып кіруі Батыс Рим империясының өмір сүруін тоқтатты.
- Рим әлемінің үйінділерінде ортағасырлық Батыс Еуропа өркениеті қалыптасты.

Көшу процесінің негізгі аспектілері:

- Антикалықтан орта ғасырға көшу-қоғам мен Рим империясы мемлекетінің өмірінің барлық аспектілерін қозғаған өте ұзақ және күрделі процесс.
- Варварлық патшалықтардың пайда болуы феодалдық қоғам мен мемлекеттің іргетасы болды.
- Қатаң иерархиясы бар феодалдық қоғамның құрылымы қалыптасады.
- Христиан дүниесінің түсінігіне сәйкес жаңа материалдық мәдениет құрылады, шіркеудің рөлі қоғамда күшейе түседі

Тапсырма

- Халықтардың ұлы қоныс аударуының оң және теріс салдарын атаңыз?
- Сіз ғұндардың жаулап алу жорықтары антикалықтан орта ғасырға көшу факторларының бірі деп санай аласыз ба?